Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереже;

2) *алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.03.2013* № 230 *қаулысымен;*

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.03.2013 № 230 *қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органы - Алматы қаласы бойынша Қаржы мониторингі департаменті - мемлекеттік мекемесі құрылсын.

4. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің өңіраралық департаменттері - мемлекеттік мекемелері;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің өңіраралық департаменттері - мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылсын;

5. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті болып;

2) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері;

3) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық басқармалары - мемлекеттік мекемелері;

4) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері болып қайта аталсын.

5-1. *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.03.2013* № 230 *қаулысымен.*

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 аймақаралық салық комитеті" аумақтық органы - мемлекеттік мекемесі таратылсын.

7. Осы қаулының 6-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемені таратқаннан кейін қалған мүлікті басқару жөніндегі өкілеттіктер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне беріледі деп айқындалсын.

8. Осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 16-тармағының орталық аппарат функцияларының 42), 310), 320), 336), 337), 338), 339), 340) және 341) тармақшалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының орталық аппарат функцияларының 281) тармақшасы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының орталық аппарат функцияларының 239), 240), 309) және 313) тармақшалары 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының орталық аппарат функцияларының 241) тармақшасы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 286), 287), 288), 289), 290), 291), 297) және 305) тармақшалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 67) тармақшасы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 38) және 39) тармақшалары 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 296) тармақшасы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және

стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы заңдарына сәйкес Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 356-1), 356-2), 356-3), 356-4), 356-5), 356-6) және 356-7) тармақшалары 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 12.07.2018 № 422*; өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.03.2019* № 131 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 24 сәуірдегі
№ 387 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мынадай салаларда басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады:

1) бюджеттік жоспарлау;

2) бюджетті атқару;

3) бухгалтерлік есеп жүргізу;

4) бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілік;

5) салықтық және кедендік әкімшілендіру;

6) этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу;

7) мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы;

8) Қазақстан Республикасының кеден ісі, салық саясатын іске асыру саласындағы мемлекеттік реттеу;

9) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару;

10) бюджеттік кредиттеу;

11) республикалық мүлікті басқару;

12) мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы;

13) ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

14) оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын

және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару;

15) қолданыстағы заңнамамен Министрлік құзыретіне жатқызылған басқа да салаларда.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 01.03.2023 № 172 қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Министрліктің Қазынашылық комитеті;

2) Министрліктің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті;

3) Министрліктің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті;

4) Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның нышандары мен айырым белгілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 4-кіреберіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.11.2022 № 908 қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті, мемлекеттік қаржы статистикасын жүргізу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

2) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалу мен аударудың толықтығын және уақтылығын қамтамасыз ету;

4) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

6) этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу;

7) кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу бюджеттік кредит беру, республикалық мүлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу, ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру, оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорлары қоспағанда) мемлекеттік реттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыру;

8) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі саласындағы, аудиторлық қызмет салаларындағы қызмет реттеу мен аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметін, бағалау қызметін бақылауды жүзеге асыру және бағалау қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

9) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, аудиторлық қызмет, бағалау қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету;

10) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру;

10-1) құзыреті шегінде "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыру;

11) "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімге сәйкес қадағалап отыру тетігін іске асыруды үйлестіру.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 01.03.2023 № 172; 13.10.2023 № 909 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды адамдарынан және өзге де адамдардан, шет мемлекеттің құзыретті органдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және оларға беру;

салықтық әкімшілендіруді жаңғырту және жетілдіру мақсатында салықтық әкімшілендірудің және салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауының өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды іске асыруды (ендіруді) жүзеге асыру;

Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы пайдалану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

сараптамалар, тексерулер мен консультациялар жүргізу, оқыту бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу, мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық, банктік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны қорғау бойынша талаптарды сақтай отырып, ақпараттық жүйелер құру үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту;

Министрлік қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және даярлауды жүзеге асыру ;

Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, жұмыскерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

ведомстволардың аумақтық бөлімшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

уәкілетті орган айқындаған тәртіппен трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісімдер жасасу;

валюталық операциялар бойынша есептілікті ұсыну тәртібін айқындау, валюталық операцияларды жүргізуге байланысты құжаттарды және (немесе) ақпаратты сұрату, Қазақстан Республикасында барлық резиденттер мен бейрезиденттердің орындауы үшін міндетті болып табылатын, анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар қою және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шараларды қабылдау;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарау;

заңнамада айқындалған жағдайларда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан жеке және заңды тұлғалардан, еншілес компаниялардан қажетті құжаттарды, айқындалған нысандар бойынша есептіліктерді ұсынуды талап ету;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша олардың бірлескен актілері негізінде басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;

тиісті уәкілетті органның сұрау салуы бойынша өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен беру;

халықаралық шарттар негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда шет мемлекеттің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

құзыреті шегінде темекі бұйымдарын өндірушілерге темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді беру туралы сұрау салуды жолдау;

оңалтуды басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не оңалтуды басқарушыны тіркеуден алып тастау туралы хабарламаны кредиторлар жиналысына жіберу;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

бюджеттік өтінім Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде оны бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қараусыз қайтару;

өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес электрондық нысанда ақпарат алмасу кезінде өздеріне белгілі болған, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, оларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынуды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.10.2023 № 909 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Функциялары:

1) бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік және бюджеттік есеп, қаржылық және бюджеттік есептілік, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, аудиторлық қызмет, бағалау қызметі, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешілік әріптестік, мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы мемлекеттік реттеу, сондай-ақ материалдық емес активтерді, этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеуді, мұнай өнімдері мен биоотынның жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаржы активтерін, сондай-ақ өзге де мүлікті жинақтау жөніндегі саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлікті қоспағанда, өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке құқықтарын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерді жекешелендіру мен мемлекеттік мониторингтеу саласындағы басшылық жасау;

3) бюджет заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру кезінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары мен кіші сыныптары бойынша мемлекеттік және республикалық бюджетке, Ұлттық қорға түсетін түсімдерді болжауға қатысу;

5) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық;

5-1) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою;

6) мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, аудиторлық қызмет, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, қаржылық және бюджеттік есептілік саласындағы салааралық үйлестіру және әдіснамалық басшылық жасау;

7) Министрліктің құзыреті шегінде құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

8) республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі қызметін үйлестіру;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп жасау;

10) бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық ақпарат дайындау;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудитін жүргізуді ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы өтінішхаттарға қорытындылар беру;

13) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен бірлесіп мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу және бекіту;

14) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен келісу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу және бекіту;

15) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен келісу бойынша ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) бағалау стандарттары мен бағалау қызметі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

17) бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

18) бағалау туралы есепке сараптама жүргізу қағидаларын, сараптамалық қорытындыға және оны бекіту тәртібіне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

19) бюджеттік кредиттер беру, оларға қызмет көрсету, оның нысаналы пайдаланылуын бақылау және қайтарылуын қамтамасыз ету;

20) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандары мен шарттарын, үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету көлемдерін айқындау;

21) мемлекеттік, шоғырландырылған, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау және ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға, тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ұсыну;

22) мемлекеттік қаржы статистикасын жүргізу;

23) мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуы туралы есептер жасау;

24) мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есептер жасау;

25) мемлекет кепілгерлігі шартын жазбаша нысанда жасасу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекет кепілгерліктерін беру;

26) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік кепілдіктер, экспортты қолдау жөнінде мемлекеттік кепілдіктер беру;

27) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің шарттарын жасасу;

28) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізілімін жүргізу;

29) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін қабылдауды және орындауды есепке алуды жүзеге асыру;

29-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттің қаржылық міндеттемелері туралы ақпарат беру;

30) Қазақстан Республикасы резиденттерінің өздері алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;

31) уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен уәкілетті тұлғалардың мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді ұсыну тәртібін, мерзімдерін және нысандарын әзірлеу және бекіту;

32) бюджеттік мониторингті жүзеге асыру және оны жүргізу бойынша жалпы әдіснамалық және әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету;

33) мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік борышты, мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет кепілгерліктері бойынша борышты, сондай-ақ мемлекеттің өз кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауына байланысты туындаған мемлекет талаптарын алу, пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету мониторингі;

34) экспортты қолдау жөніндегі мемлекет кепілдік берген міндеттемелердің, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет кепілгерліктері бойынша борыштың мониторингі және оны басқару;

35) экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарды келісу;

36) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша экспортты қолдау бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру тәртібін айқындау;

36-1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыру шарттарын келісу;

36-2) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ резервтерді қалыптастыру және олар бойынша актуарлық есеп айырысу жүргізу қағидаларын келісу;

37) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының көлемдерін, мерзімдерін және шарттарын айқындау;

38) экономика саласындағы келеңсіз процестердің алдын алу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

39) жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

40) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кәсіби аудиторлық ұйымды, бухгалтерлердің кәсіби ұйымын, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәліктердің нысандарын әзірлеу және бекіту;

41) мемлекеттік мекемелер үшін есеп саясатын әзірлеу және бекіту;

42) мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын әзірлеу және бекіту;

43) шоттардың бірыңғай жоспарын әзірлеу және бекіту;

44) берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну тәртібін айқындау;

45) жосықсыз бағалаушылардың тізілімін жүргізу;

46) мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту ;

47) республикалық бюджеттің, облыс бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімдерді көрсету тәртібін әзірлеу және бекіту;

48) өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, бухгалтерлік есеп бойынша жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу;

49) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға уәкілетті лауазымды адамдарын сертификаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

50) мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

51) мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын әзірлеу және бекіту;

52) қаржылық есептілікті жасау мен ұсынудың нысаны мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

53) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібін әзірлеу және бекіту;

54) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін республикалық меншікке жататын, орта мерзімді кезеңге концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесін келісу;

55) конкурстық (аукциондық) құжаттаманы және концессия шартының жобасын, оның ішінде республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келісу;

56) мемлекеттік меншіктегі концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру тәртібін айқындау;

57) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

58) Министрліктің құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

59) қажет болған жағдайда орталық атқарушы органдармен және меншігінде не басқаруында мониторинг объектілері бар тұлғалармен бірлесіп кәсіпорындардың экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу;

60) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің, оның ішінде

веб-порталдардың жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда, сатып алу веб-порталдарының жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

61) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу веб-порталдарын айқындау;

62) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту;

63) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

64) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын бекіту;

66) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу;

67) ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

68) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын әзірлеу;

69) мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту;

70) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

71) конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілігі тізбесін әзірлеу және бекіту;

72) орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін әзірлеу және бекіту;

73) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау;

74) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

75) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

76) мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау және пайдаланушыларға одан мәліметтер ұсыну тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу қағидаларын айқындау;

77) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібімен әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртектің нысанын әзірлеу және бекіту;

78) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы әзірлейтін және бекітетін бұзушылықтар сыныптауышын келісу;

79) мемлекеттік кепілдік беру, мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда дерексіз республикалық бюджет қаражатын қайтару мәселелері бойынша сенім білдірілген өкілдермен (агенттермен) өзара іс-қимыл жасау;

80) өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстары республикалық бюджет туралы заңда көзделген, мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылардың есебін жүргізу;

81) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.04.2022 № 230 қаулысымен;

82) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін әзірлеу және бекіту;

83) ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

84) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысанын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттарын (корреспонденттікті қоспағанда) бекіту;

85) электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларын әзірлеу және бекіту;

86) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына республикалық бюджет жобасын бағалау жөніндегі қорытындыда көрсетілген ұсынымдарды орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсыну;

87) салық және бюджет саясатының, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдауға қатысу;

88) салық және бюджет саясатын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

89) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың, мемлекет кепілгерліктері бойынша борыштың жай-күйі мен алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамын жыл сайын бағалауды дайындау;

90) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен бірлесіп мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

91) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

92) гендерлік саясатты іске асыруға қатысу;

93) республикалық бюджет жобасын әзірлеу тәртібін әзірлеу;

94) мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау тәртібін әзірлеу және бекіту;

95) бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну тәртібін айқындау;

96) республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын, өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышын әзірлеу және бекіту;

97) шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстар түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

98) салық органына түбіртектерді пайдалану, сондай-ақ салық сомаларын екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсыру туралы есептерді беру тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

99) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, аудиторлық және бағалау қызметі мәселелері бойынша өзге де мемлекеттік органдармен және кәсіби ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

100) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және талаптарға сәйкестігін тексеру үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына және тексеру парақтарына қатысты актілерді бекіту және интернет-ресурста орналастыру;

101) әкімшінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

102) әкімшінің біліктілігін арттыру тәртібін айқындау;

103) әкімшінің біліктілік емтиханын өткізу тәртібін белгілеу;

104) бағалаушыларға, сарапшыларға кандидаттардың біліктілігін растау үшін біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту;

105) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;

106) бағалау қызметі саласында оқытудың, кәсіптік қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасын және сағат көлемін бекіту;

107) бағалаушылар палаталарының қағидалары мен стандарттарын келісу;

108) бағалаушылардың іскерлік және кәсіптік этикасының үлгілік кодексін және бағалаушылар палатасының өз мүшелерінің "Қазақстан Республикасындағы бағалау

қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, бағалаушылар палатасының стандарттары мен қағидаларының талаптарын бұзуына қатысты жолданымдарды қарауына қойылатын талаптарды бекіту;

109) әкімшінің уәкілетті органмен және өзге де тұлғалармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылын жүзеге асыру тәртібін айқындау;

110) коэффициенттерді есептеу және қаржылық орнықтылық сыныптарының шекараларын айқындау тәртібін айқындау;

111) оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуын ескере отырып, уақытша әкімшінің, уақытша басқарушының және оңалтуды басқарушының борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы, сондай-ақ банкроттықты басқарушының борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысының үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

112) оңалту жоспарының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

113) оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысанын әзірлеу және бекіту;

114) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес банкроттың (борышкердің) мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін және ұйымдастырушыны айқындау;

115) уақытша әкімшінің немесе уақытша басқарушының негізгі сыйақысының ең төмен шегін белгілеу;

116) банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғары шектерін белгілеу;

117) оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұратылатын ақпараттың нысандарын, сондай-ақ оны беру қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

118) уақытша және банкроттықты басқарушыға негізгі сыйақыны төлеу тәртібін, сондай-ақ өзге де әкімшілік шығыстарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау;

119) егер өтініш беруші салықтар мен кедендік төлемдер бойынша кредитор, мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға болып табылса, уақытша басқарушыны таңдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

120) бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және жоюға болмайтын, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын әзірлеу және бекіту;

121) кредиторлар талаптары тізілімінің тәртібі мен нысанын әзірлеу және бекіту;

122) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және

банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес кредиторлар талаптарының қалыптастырылған тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібін айқындау;

123) борышкердің, сондай-ақ оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) және лауазымды адамдарының орналасқан жерін анықтаудың мүмкін еместігін растайтын құжатты жасау қағидаларын және нысанын әзірлеу және бекіту;

123-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы мәлімдемеу нысанын әзірлеу және бекіту;

123-2) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және банкрот деп тану туралы шешім нысанын әзірлеу және бекіту;

123-3) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы басқарушысы қорытындысының нысанын әзірлеу және бекіту;

123-4) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы басқарушысының банкроттың міндеттемелерін тоқтату үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытынды нысанын әзірлеу және бекіту;

123-5) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

123-6) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің үлгілік жоспарының нысанын әзірлеу және бекіту;

123-7) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы басқарушысының қорытынды есебінің нысанын әзірлеу және бекіту;

123-8) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

124) мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жобаларын (мемлекеттік органдардың даму жоспарларына өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын) келісу;

125) бюджеттік жоспарлау саласында басшылық жасау және салааралық үйлестіру;

126) бюджет заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

127) тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңдардың жобаларын әзірлеу, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыну;

128) ұлттық жобаларды, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың даму жоспарларын бюджеттік қаржыландыру көлемдерімен қамтамасыз етілу бөлігінде келісуді жүзеге асыру;

129) бюджеттік жоспарлау жүйесінің жұмыс істеуін әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

130) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу тәртібін айқындау;

131) тиісті саладағы (аядағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

132) міндетті немесе ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісу;

133) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын, оны жасау тәртібін, бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын әзірлеу және бекіту;

134) бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

135) Республикалық бюджет комиссиясының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

136) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау және олар бойынша қорытынды дайындау;

137) мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларының көрсеткіштерін мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарымен және нысаналы индикаторларымен өзара байланысы тұрғысынан қарау;

138) республикалық бюджет туралы заңды іске асыру, тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлеу;

139) төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу;

140) республикалық бюджетті нақтылау (түзету) және секвестрлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

141) бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, Арнаулы мемлекеттік қор және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесін, облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленетін кірістерді облыстық бюджет пен оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасында бөлу нормативтерін, сондай-ақ мұнай секторы ұйымдарының тізбесін бекіту;

142) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және олар бойынша қорытынды ұсыну;

143) Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуге қорытындылар қалыптастыру;

144) концессиялық жобаны бюджеттен қоса қаржыландыру жөнінде ұсыныстарды Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

145) Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар негізінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасы бойынша қорытынды қалыптастыру және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

146) желілер, штаттар, контингенттер туралы мәліметтерді жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

147) мемлекеттік кірістер органдарының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 29-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар туралы дерекқорды және орналастыруға жататын көрсетілген мәліметтер мен өзге де мәліметтерді жүргізу тәртібін, сондай-ақ дерекқорға енгізу және одан шығару тәртібін айқындау;

147-1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 29-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың тізілімін өзінің интернет-ресурсында жариялау;

148) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеу және бекіту;

149) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

150) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін бекіту;

151) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібін бекіту;

152) нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін бекіту;

153) жалпы сипаттағы трансферттерді аудару тәртібі мен кезеңділігін бекіту;

154) нысаналы трансферттерді аудару, бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін, сондай-ақ бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану

есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп нысанын бекіту;

155) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркеу тәртібін және оның мониторингі тәртібін айқындау;

156) бюджеттен субсидиялар төлеу тәртібін келісу;

157) нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін бекіту;

158) Министрліктің даму жоспарын әзірлеу және бекіту;

159) кәсіби ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

160) аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес басқармасының құрамына өкіл жіберу;

161) аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын, оның ішінде аудиторлық және кәсіптік ұйымдарды тексеру өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

161-1) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе , аудит міндетті болатын мемлекет қатысатын ұйымдарды айқындау;

162) аудиторлардың біліктілігін арттыру қағидаларын, аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы сертификат алу тәртібі мен нысанын әзірлеу және бекіту;

163) камералдық бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

163-1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарламаның нысанын әзірлеу және бекіту;

164) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға қарсылықтарды қарау, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту;

165) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша аудиторлық қызметті лицензиялау кезінде біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және бекіту;

166) бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

167)-тармақшаның бірінші абзацы 01.01.2026 дейін қолданылады - ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 511 қаулысымен.

167) мыналарды:

арнаулы мемлекеттік органдардың бюджетті атқару рәсімдерін;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

167)-тармақшаның үшінші абзацы 01.01.2026 дейін қолданылады - ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 511 қаулысымен.

білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдерін қоспағанда, бюджеттің атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін әзірлеу және бекіту;

168) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

169) концессия шарты бойынша концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) алатын тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде тіркелген активтерді концедентке беру кезінде II, III және IV топтардағы концессионердің құндық теңгерімдерін азайтатын құнды айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

170) қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтырулар жобаларына экономикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;

171) есептілікті ұсыну тәртібін, нысандары мен мерзімдерін, есептілікті ұсыну тәсілдерін, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматын, оларды толтыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

172) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған еркін қоймада орналастыру үшін еркін қойманың кедендік рәсімімен міндетті түрде орналастыруға жататын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының жекелеген санаттарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

173) Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойманың кедендік рәсімі қолданылмайтын шетелдік тауарлардың және (немесе) шетелдік тауарлар санаттарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

174) еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды еркін қойманың кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамай, еркін қойма аумағынан әкетуге мемлекеттік кірістер органдарының рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

175) еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған, тауарларды дайындау (алу) процесінде, өндірістік процестерді қамтамасыз етуде, еркін қойма аумағында пайдаланылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды күтіп-ұстауда және пайдалануда өтеусіз жоғалған тауарларды (өндірістік ысыраптарды) дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдемдесетін тауарларды (өндірістік ысыраптарды) толық немесе ішінара жұмсаған (тұтынған) жағдайда, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін

салу мақсатында еркін қойманың кедендік рәсімінің іс-қимылын аяқтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

176) еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған және еркін қойманың иесі пайдалануға берген және пайдаланатын жабдық болып табылатын тауарларға немесе еркін қойманың иесі еркін қойманың аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін құру үшін пайдаланған және еркін қойманың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде көрсетілген тауарларды кедендік рәсімдерге орналастырмай осындай жылжымайтын мүлік объектілерінің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты еркін қойманың кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

177) еркін қойманың иесінен басқа өзге де тұлғалардың тауарларды сақтау, тиеу (түсіру) жөніндегі операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларды бөлшектеуді, жөнелтілімдерді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау жөніндегі әдеттегі операцияларды, тауарлық сапаларын жақсарту жөніндегі операцияларды жасау, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операцияларды, сондай-ақ еркін қойманы пайдалануға және оның жұмыс істеуіне байланысты өзге де операцияларды жасау мақсатында жабдықтарды, машиналарды және агрегаттарды, олардың қосалқы бөлшектерін қолдану (пайдалану) қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

178) еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

179) аварияның немесе еңсерілмейтін күш әсерінің не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалудың, сондай-ақ мұндай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталуының салдарынан еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарының тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

180) еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

181) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағының периметрін қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, осындай аумақты жайластыруға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

182) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына тауарларды әкелу туралы хабарлама беру және еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан тауарларды әкетуге және порттың еркін (арнайы, ерекше) экономикалық

аймағына немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймағына тауарларды әкелуге рұқсаттар беру қағидалары мен нысанын әзірлеу және бекіту;

183) мемлекеттік кірістер органдарының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына әкелінетін тауарларға сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

184) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

185) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге мемлекеттік кірістер органының рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

186) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың өзге резидентіне (қатысушысына, субъектісіне) беруіне жол берілген жағдайларды әзірлеу және бекіту;

187) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың өзге резидентіне (қатысушысына, субъектісіне) берудің қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

188) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

189) еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

190) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

191) кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың артық төленген, артық өндіріп алынған және қате төленген сомасын,

сондай-ақ аванстық төлемдер сомаларын, оның ішінде кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ өзге де ақшаны төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомаларды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

192) төлеушінің жеке шотын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

193) кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

194) мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді есепке алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

195) уәкілетті экономикалық оператор міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасымен ауыстыру, қамтамасыз ету мөлшерін азайту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

196) мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

197) мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы мен тактикасын, оның жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу мен бекіту және тәуекелдерді басқару процесін іске асыру;

198) кідіртілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідіртілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидаларын әзірлеу және бекіту;

199) Қазақстан Республикасының аумағында кедендік алып жүруді ұйымдастыру тәртібін бекіту;

200) мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

201) кедендік бақылаудың уақытша аймақтарын құру (оның ішінде мүдделі тұлғаның өтініші бойынша), олардың жұмыс істеуін тоқтату қағидаларын, оларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ кедендік бақылаудың уақытша аймағының құқықтық режимін әзірлеу және бекіту;

202) еркін қойма аумағының периметрін бейнебақылау жүйесімен қоршауға және жарақтандыруға қойылатын талаптарды қоса алғанда, уақытша сақтау қоймасы, кеден қоймасы, еркін қойма ретінде пайдалануға арналған немесе пайдаланылатын құрылыстарды, үй-жайларды (үй-жайлардың бөліктерін) және (немесе) ашық алаңдарды орналастыруға (еркін қоймадан басқа), жайластыруға және жабдықтауға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

203) бажсыз сауда дүкендерін орналастыруға, жайластыруға және жабдықтауға, оның ішінде бейнебақылау жүйесімен жарақтандыруға қойылатын талаптарды, оларды құру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

204) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

205) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

206) толысылған шарапты және сыра қайнату өнімін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ есепке алу-бақылау таңбаларының нысандарын, мазмұны мен қорғау элементтерін әзірлеу және бекіту;

207) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабының 2-тармағында көрсетілген акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбалармен қайта таңбалау мерзімдерін айқындау;

208) есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде өндірушінің және (немесе) импорттаушының есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ мұндай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін әзірлеу және бекіту;

209) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жекелеген арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлер ретінде тіркеу есебінде тұрған және арнайы мобильдік қосымшаны пайдаланушылар болып табылатын жеке тұлғалардың – салық төлеушілердің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін шотқа күнтізбелік ай ішінде түскен төлемдерінің қорытынды сомалары жөніндегі мәліметтерді ұсыну қағидаларын, нысанын және мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

210) акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру тәртібін бекіту;

211) салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту;

212) тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті кері қайтарып алу тәртібін бекіту;

213) салық және кеден заңнамасында көзделген өтініштер мен өзге де құжаттардың нысандарын бекіту;

214) Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу нысаны мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

215) көлік саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде көліктік бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

216) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында реттелмеген бөлігінде кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу,

сыныптау қағидаларын, сондай-ақ оларды жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың тиесілік нормаларын және оларға қойылатын үлгілік талаптарды, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының жүйесіне кіретін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер орналасқан жерлерде және аумағында кедендік операциялар жасалуы және кедендік бақылау жүргізілуі мүмкін өзге жерлерде кедендік инфрақұрылым элементтерін жайластыруға және техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

217) шектері кедендік операцияларды жасауға және (немесе) еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға (сақтауға) арналған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының кедендік операцияларды жасауға арналған учаскелеріне толық немесе ішінара сәйкес келетін, шектері еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағының бөліктері болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекара учаскелерімен толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың кедендік бақылау аймақтарын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

218) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағын, мұндай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктерін әзірлеу және бекіту;

219) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

220) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа әкелу кезінде еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесі мен санаттарын әзірлеу және бекіту;

221) тауарларды еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тұтыну, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушының Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын жеке тұлғаларға өткізуі, осындай тауарларды өткізу еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушының шетелдік тауарларды жеке тұлғаларға өткізуі жағдайларында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

222) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше)

экономикалық аймақтың аумағында орналастыру және (немесе) пайдалану үшін еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарлардың декларанттары шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушылары болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары бола алатын жағдайларды әзірлеу және бекіту;

223) ақпараттық жүйені пайдалана отырып, тауарларды есепке алу жүйесіне қойылатын талаптарды және оны кедендік бақылау мақсаттары үшін шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағында тауарларды өткізу кезінде қолдану тәртібін әзірлеу және бекіту;

224) қызметтің басым түрлерінің тізбесіне басқарушы компаниялар мен арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының осындай тізбеде көзделмеген немесе арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін енгізу туралы өтініштерін қарауды жүзеге асыратын арнайы комиссияның жұмысына қатысу;

225) мемлекеттік кірістер органдары мен уәкілетті экономикалық операторлардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

226) жекелеген кедендік операцияларды жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

227) автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базаларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын жүргізу нысаны мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

228) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

229) мұнай өнімдеріне дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

230) мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

231) мұнай өнімдерінің айналымы жөніндегі декларациялардың нысандарын, оларды ұсыну және жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

232) мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің резервуарларын және автожанармай құю станцияларын (жылжымалы үлгідегі автожанармай құю станцияларынан басқа) есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі қағидалар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;

233) фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге және папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу;

234) этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеуі

және шарап құйып (шарап материалын), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра мен сыра сусынын өндіруді қоспағанда, есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

235) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлеу және бекіту;

236) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін әзірлеу және бекіту;

237) этил спиртін сақтау және өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын әзірлеу және бекіту;

238) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

239) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну тәртібін, нысанын және мерзімдерін айқындау;

240) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді, сондай-ақ темекі бұйымдарының қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларацияларды табыс ету тәртібін, нысанын және мерзімдерін айқындау;

241) арнайы салық режимдерін қолдану кезінде салық міндеттемелерін және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнайы мобильді қосымшаны пайдалану тәртібін айқындау;

242) акциздік бекет жұмыскерлерінің орналасқан жерін, құрамын және оның жұмыс регламентін айқындау;

243) биоотын айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

244) биоотын айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын, биоотын өндірісінің паспортын, сондай-ақ биоотынды кейіннен қайта өңдеу үшін пайдаланылатын тамақ шикізатына арналған квоталарды әзірлеу және бекіту;

245) трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

246) салық және (немесе) кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға салық төлеушілердің (салық агенттерінің) және (немесе) декларанттардың не кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың шағымдарын қарау;

247) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттары жасайтын аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін қоспағанда, бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспарын жасау;

248) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін және оларды айқындау тәртібін айқындау;

249) жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің үш жылдық кезеңге арналған лимиттерін келісу;

250) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жасалған концессия шарттарының, берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

251) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша пайдалану шығындарының өтемақысын төлеу қағидаларын бекіту;

252) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша орналастырылатын акцияларға ақы төлеуді, "Астана" халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны, сондай-ақ республикалық мүлікті, оның ішінде акцияларды, үлестерді, пайларды және жарғылық капиталға қатысудың өзге де нысандарын енгізу арқылы салым енгізуді жүзеге асырады;

253) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын беру қағидаларын бекіту;

254) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы төлеу қағидаларын бекіту;

255) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.04.2024 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

256) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасын, оның ішінде республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде келісу;

257) Министрлік жүйесінің өндірістік процестеріне қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және енгізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

258) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның қызмет түрлерін жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ ол сатып алатын (сатып алған) активтерге және талап ету құқықтарына қойылатын талаптарды бекіту;

259) квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру;

260) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік қарыздарды тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін айқындау;

261) өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімінің нысанын және оны ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

261-1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісу бойынша) бірлесіп мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына көлік шығыстарын өтеу тәртібін әзірлеу және бекіту, сондай-ақ өтемақы алуға жататын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының санаттарын айқындау;

262) бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау және ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

263) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

264) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

265) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266) өздеріне қатысты кедендік операцияларды жасаудың бірінші кезектегі тәртібі қолданылатын, тез бүлінетін тауарлар санаттарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

267) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасымен ауыстыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

268) уәкілетті экономикалық оператордың халықаралық тасымалдау көлік құралының тану белгісін әзірлеу және бекіту;

269) жолаушылар кедендік декларациясын тіркеу немесе тіркеуден бас тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

270) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілген не мемлекеттік кірістер органдары шығармаған тауарларға қатысты кедендік декларациялауды, өзге де кедендік операцияларды жасау және кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

271) өздерінің үлкен көлемдеріне немесе тиеудің, түсірудің және (немесе) сақтаудың ерекше жағдайларына байланысты кеден қоймасына орналастыруға болмайтын тауарларды кеден қоймалары болып табылмайтын орындарда сақтауға мемлекеттік кірістер органдарының рұқсатын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

272) транзиттік декларациядағы мәліметтер мәлімдемесінің ерекшеліктерін және тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау кезінде оны пайдалану тәртібін әзірлеу және бекіту;

273) тауарларға арналған декларация және транзиттік декларация ретінде көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де, оның ішінде Қазақстан

Республикасының халықаралық шарттарында көзделген құжаттарды пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

274) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік транзит кедендік рәсімін қолдану ерекшеліктерін әзірлеу және бекіту;

275) мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамының кедендік декларацияларды толтыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

276) жеке пайдалануға арналған тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкеткеннен кейін оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына қайта әкелуді растау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

277) көлік саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша теміржол тасымалдаушыларының уақытша әкелінген халықаралық тасымалдаудың теміржол көлік құралының және (немесе) теміржол көлік құралдарымен тасымалданатын, оның ішінде ішкі тасымалдар үшін пайдаланылатын контейнерлердің орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

278) қос дәліз жүйесі қолданылатын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу орындарының тізбесін, сондай-ақ осындай тізбені қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

279) тауарларды уақытша сақтау орындарында орналастыруды растау, мемлекеттік кірістер органдарының тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды тіркеуге және оларды тіркеу туралы растауды беруге байланысты кедендік операцияларды жасауы тәртібін әзірлеу және бекіту;

280) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша тауарларды сыныптау туралы, тауарлардың шығарылуы туралы алдын ала шешім қабылдау және тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді тіркеу журналында тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді тіркеу қағидаларын, сондай-ақ тұлғаның тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішінің нысанын әзірлеу және бекіту;

281) тауарларды сыныптау туралы шешім қабылдау тәртібін, нысанын және мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

282) рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;

283) консультациялар жүргізу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

284) аванстық төлемдерді енгізу қағидалары мен нысандарын әзірлеу және бекіту;

285) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы жиналмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрде өткізілетін тауарларды сыныптау туралы шешім нысанын әзірлеу және бекіту;

286) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді қабылдау туралы өтініш нысанын және белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімдерді тіркеу журналында тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

287) тауарды сыныптау және тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімдерді қабылдауға уәкілетті органдарды, сондай-ақ аумақтық мемлекеттік кірістер органдары белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жасақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді қабылдау жағдайын айқындау;

288) уәкілетті кеден органының кедендік сараптама жүргізу қағидаларын және мемлекеттік кірістер органының кедендік сараптама тағайындау туралы шешімінің нысанын әзірлеу және бекіту;

289) шартты түрде шығарылған тауарларды ұсынудың не кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер берудің мақсаттары мен шарттарын және (немесе) кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктерді қолданумен байланысты осы тауарларды пайдалану және (немесе) билік ету бойынша шектеулерді сақтауды растау үшін тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау жүргізу кезінде олардың тұрған жерін растау ерекшелігін, сондай-ақ тауарлар шығарылғаннан кейін шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу мерзімділігін және жүргізуге қойылатын өзге де талаптарды әзірлеу және бекіту;

290) кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың белгіленген мерзімде төленбеген сомалары және кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламалар нысандарын әзірлеу және бекіту;

291) уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарына бейнеақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

292) уәкілетті экономикалық оператордың уақытша сақтаудағы тауарларымен бірлесіп, құрылыстарда, үй-жайларда (үй-жайлардың бөліктерінде) және (немесе) ашық алаңдарда (ашық алаңдардың бөліктерінде) өзге де тауарларды сақтау және олардың тасымалдаушыдан тауарларды қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

293) кедендік сараптама жүргізу үшін кедендік, көліктік (тасымалдау), коммерциялық және өзге де құжаттарды, сәйкестендіру құралдарын алып қою

қағидаларын және құжаттарды, құжаттарды сәйкестендіру құралдарын және тауарларды алып қою туралы актінің нысанын әзірлеу және бекіту;

294) өзге уәкілетті сараптама ұйымы (сарапшы) жүргізу үшін кедендік сараптаманы тағайындау қағидаларын және мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамы болып табылмайтын сарапшыны (маманды) кедендік сараптама жүргізу үшін тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

295) тұрақты және уақытша рұқсаттамалардың нысандарын, тұрақты және уақытша рұқсаттамаларды тіркеу журналын әзірлеу және бекіту;

296) тасымалдаушылардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын техникалық талаптарды қоса алғанда, алдын ала ақпарат беру кезінде мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйесі мен тасымалдаушылардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл тәртібін әзірлеу және бекіту;

297) авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан тауарлардың жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не осы тауарлардың тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

298) салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

299) сыртқы саясат саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізудің қосымша шарттарын әзірлеу және бекіту;

300) кедендік бақылаудағы және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы бойынша кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастырмай тасымалданатын тауарларға қатысты тасымалдау маршрутын белгілеуге және сақтауға байланысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

301) тұлғалардың мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа қол жеткізу, алу және пайдалану қағидаларын, сондай-ақ осындай ақпаратты беру құрамы мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

302) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әуе немесе су көлігімен және (немесе) теңіз арқылы тасымалданатын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының және шетелдік тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан кетуіне және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына келуіне байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін әзірлеу және бекіту;

303) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімді беру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін, сондай-ақ осындай алдын ала шешімді қолдану тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

304) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттермен Қазақстан Республикасының тауарларымен сыртқы сауданың кедендік статистикасын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

305) арнайы кедендік статистиканы жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

306) нысанды киім үлгілерін, нысанды киім киіп жүру құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің тізбесін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

307) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсыну үшін декларанттар немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар пайдаланатын бағдарламалық өнімдерге қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

308) кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздердің болуын растау қағидаларын, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну және оларды беруден бас тарту туралы шешімдер нысандарын әзірлеу және бекіту;

309) кедендік алымдар салудан босату үшін құжаттарды ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

310) кедендік операцияларды жасау кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ету мақсаттары үшін сақтандырудың үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;

311) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесін пайдаланушы ретінде тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

312) кеден ісін жетілдіру мәселелері жөніндегі консультациялық кеңестер туралы үлгілік ережені бекіту;

313) көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, мемлекеттік кірістер органдарының ұлттық теміржол компаниясымен, теміржол көлігі саласындағы ұлттық тасымалдаушымен, Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларымен, теңіз және өзен порттарымен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

314) арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын есепке жатқызуға (қайтаруға) әкеп соғатын мән-жайлардың туындағанын растау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

315) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

316) жекелеген кедендік операциялардың тізбесін, жекелеген кедендік операцияларды жасау қағидалары мен орындарын, сондай-ақ мемлекеттік кірістер

органдарының орналасқан жерінен тыс және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарының жұмыс уақытынан тыс жекелеген кедендік операцияларды жасау жағдайларын әзірлеу және бекіту;

317) мемлекеттік кірістер органдары қызметінің аймақтарын айқындау;

318) кедендік бақылауды жүргізу мақсатында мемлекеттік кірістер органдарының су және әуе кемелерін пайдалану қағидаларын бекіту;

319) көрсеткіштері тауарларды кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын есепке алу аспаптарының орналасқан жерлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

320) кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын кодтардың сыныптауышын әзірлеу және бекіту, сәйкестендіру кедендік нөмірін, мәміленің сипатын, сыртқы экономикалық мәміленің ерекшеліктерін қалыптастыру;

321) бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды не жиынтық кедендік төлем түрінде алынатын кедендік баждарды, салықтарды есептеудің құрылымын, форматын және нысанын, сондай-ақ оны толтыру және оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

322) кедендік тексеріп қарауды және қарап тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323) тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына келуі туралы хабарламаның күні мен уақытын тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

324) кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамай-ақ тауарларды жеткізу орнын өзгерту қағидаларын, кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау үшін ұсынылатын құжаттарды беруді тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

325) кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтауға байланысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

326) "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндет жүктелмеген дара кәсіпкерлердің салықтық есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

327) патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнайы мобильдік қосымшаны пайдалану арқылы шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін салықтық есепке алу саясатының нысанын әзірлеу және бекіту;

328) салық төлеуші – жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған түбіртектің нысандарын әзірлеу және бекіту;

329) мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге

асыратын тұлғалардың мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімдерін және нысанын әзірлеу және бекіту;

330) резиденттікті растайтын құжаттың және Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманың нысандарын әзірлеу және бекіту;

331) жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтінішінің және жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысандарын әзірлеу және бекіту;

332) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Министрлікке уәкілетті банктерден Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасына баламалы Америка Құрама Штаттарының 50 000 долларынан астам сомаға валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы алынған ақпаратты беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

333) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлардың электрондық саудасы бойынша тіркеу есебінде тұрған салық төлеушілер бойынша банктік шоттардың бар-жоғы және олардың нөмірлері, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту;

334) мемлекеттік кірістер органының уәкілетті мемлекеттік органдарға кірістері мен мүлкі туралы ұсынылған декларациялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

335) тауарларға ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндет қолданылатын тауарлардың тізбесін, сондай-ақ ресімдеу тәртібі мен олардың құжат айналымын әзірлеу және бекіту;

336) екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиандардың, орталық депозитарийдің, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын брокерлердің және (немесе) дилерлердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, филиалдарының мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтер ұсыну қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

337) ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімі мен нысанын, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдарға келген шетелдіктер туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

338) уәкілетті мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар салық төлеушілер, сондай-ақ салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімдерін және нысандарын әзірлеу және бекіту;

339) инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған және инвестициялық басым жобаларды іске асыруды көздейтін инвестициялық келісімшарттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы инвестициялық келісімшарттардың қолданысын тоқтату туралы мәліметтерді, өзге де мәліметтер мен олардың нысандарын ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

340) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісу бойынша нотариустардың мәмілелер мен шарттар бойынша, сондай-ақ жеке тұлғалардың мұраға құқығы туралы берілген куәліктер бойынша мәліметтер ұсыну нысанын, қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

341) құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

342) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидаларын бекіту;

343) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Министрліктің валюталық бақылауды жүзеге асыру және оларды кейіннен валюталық бақылау агенттері болып табылатын уәкілетті банктерге беру үшін қажетті мәліметтердің тізбесін және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

344) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

345) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша операциялар бойынша мәліметтерді арнайы мобильдік қосымшаға беру мақсаттары үшін екінші деңгейдегі уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, электрондық алаң операторларының салық органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

346) құқықтың (талап етудің) коллекторлық агенттікке өту шарттарын қамтитын шарттар бойынша мәліметтерді ұсыну нысанын әзірлеу және бекіту;

347) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдары рәмізінің сипаттамасын және оны пайдалану қағидаларын және айырым туы мен айырым белгісінің сипаттамасын және оны қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

348) тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының корпоративтік табыс салығының есептелген сомасын азайту, дара кәсіпкер кірісінің салық салынатын сомасын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне азайту, жеке тұлғаның салық салынатын табысын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне азайту бөлігіндегі нормаларын қолданатын тұлғалардың осындай қызмет бойынша ақпаратты ұсыну қағидаларын, мерзімдері мен нысандарын бекіту;

349) салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге салынған мүлкін, сонымен қатар салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін және (немесе) мемлекеттік кірістер органдары кідірткен тауарларды өткізу саласындағы уәкілетті заңды тұлғаны айқындау;

350) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және екінші деңгейдегі банктердің валюталық түсімнің түсуі туралы қорытындыны ұсыну тәртібі мен нысанын бекіту;

351) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және екінші деңгейдегі банктердің валюталық түсімді айырбастау туралы қорытындыны ұсыну қағидаларын бекіту;

352) салық тіркелімдерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

353) салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

354) салық органдарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген және жеке практикамен айналыспайтын жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) салық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын бекіту;

355) білім алушы адамның тұруына және оған ақша сомасын төлеуге нақты шығыстардың нормаларын белгілеу;

356) тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

357) тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін іріктеп салықтық тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

357-1) салықтық тексерудің алдын ала актісі бойынша нормалар қолданылатын салық төлеушілердің санатын, сондай-ақ салық төлеушіге салықтық тексерудің алдын ала актісін табыс етудің, салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылықты ұсынудың, сондай-ақ осындай қарсылықты қараудың тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

358) мониторингке жататын салық төлеушілердің, ірі салық төлеушілердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

359) деңгейлес мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

360) деңгейлес мониторинг туралы келісімнің нысанын әзірлеу және бекіту;

361) деңгейлес мониторинг туралы келісімді жасасу және бұзу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

362) деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалатын салық төлеушілердің санаттарын белгілеу;

363) тексерудің стандартты файлының нысанын және оны жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

364) трансферттік баға белгілеу бойынша жергілікті, негізгі және еларалық есептіліктердің нысандарын және оларды толтыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

365) еларалық есептілік нысандарын және халықаралық топқа қатысу туралы өтінішті және оларды толтыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

366) қосылған құн салығының асып кету сомасының және тәуекел дәрежесі өлшемшарттарының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

367) қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

368) бақылау-касса машиналарын қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

369) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ оларды мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректер операторымен беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

370) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы ұсынылатын салықтық өтініштердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

371) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының кодтарын әзірлеу және бекіту;

372) халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы мәліметтердің нысанын бекіту әзірлеу және бекіту;

373) екінші деңгейлі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға салық төлеушілер, оның ішінде дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар туралы ақпарат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

374) фискалдық деректер операторының тізбесіне (тізбесінен) енгізу (алып тастау) қағидаларын, сондай-ақ фискалдық деректердің әлеуетті операторына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

375) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын әзірлеу;

376) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға мониторинг жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

377) өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдаланудың үлгілік қағидаларын және өкілдік шығындардың нормаларын әзірлеу және бекіту;

378) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбелерін бекіту;

379) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, оларға өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асыру;

380) уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

381) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

382) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

383) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

384) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

385) есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсыну; Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау кезінде есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қорғауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

386) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

387) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

388) мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерге қосымша талаптар белгіленуі мүмкін жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

389) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

390) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

391) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

392) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

393) Ұлттық әл-ауқат қорының сатып алуын бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметті қоспағанда, сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет жүзеге асыратын бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

394) арнаулы мемлекеттік органдардың бюджетті атқару рәсімдерін келісу;

395) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда , квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін, оның ішінде тиісті салалардың уәкілетті органдарымен келісу бойынша сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

396) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін бірдей тауарлар тізбесін әзірлеу және бекіту;

397) Ұлттық әл-ауқат қорын және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарының офтейк-келісімшарт жасасу және оны орындау тәртібін келісу;

398) Ұлттық әл-ауқат қорының және Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарының сатып алуды жүзеге асыру тәртібін келісу;

399) мемлекеттік материалдық резервті және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жүктелген функцияларды орындауға қажетті жедел басқаруындағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қамтамасыз ететін мүліктің тізбесін бекіту әзірлеу және бекіту;

400) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға берілетін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері активтерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

401) мемлекеттік жоспарлау саласындағы орталық мемлекеттік органмен, байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісу бойынша үш компонентті интеграцияланған жүйеге және оны есепке алуға қойылатын талаптарды, оны орнату және қолдану қағидаларын әзірлеу және белгілеу;

402) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша салық төлеушілердің – тіркеу есебінде дара кәсіпкерлер немесе жеке практикамен

айналысатын адамдар ретінде тұрған жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың санаттары мен тізімін, екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдану арқылы ағымдағы шотқа келіп түскен, күнтізбелік жыл үшін төлемдердің қорытынды сомалары жөнінде мәліметтер беру қағидаларын, нысанын және мерзімдерін әзірлеу және белгілеу;

403) сумен жабдықтау, су бұру, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және қалдықтарды жинау (қоқыс шығару), лифтілерге қызмет көрсету қызметтерін және (немесе) тасымалдау саласындағы қызметтерді көрсететін ұйымдардың үшінші тұлғаларға көрсетілген қызметтер туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

404) пилоттық жоба қолданылатын салық төлеушілердің санаттарын, салық төлеушілердің, салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың, пилоттық жобаларды іске асыруды (енгізуді) жүзеге асыратын аумақтардың (учаскелердің) және (немесе) өңірлердің құқықтары мен міндеттерін, пилоттық жобаларды іске асыру (енгізу) қағидалары мен мерзімдерін айқындау;

405) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешімді шығару нысаны мен мерзімдерін белгілеу;

406) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша фискалдық деректер операторының тізбесіне (тізбесінен) енгізу (алып тастау) тәртібін, сондай-ақ фискалдық деректердің әлеуетті операторына қойылатын біліктілік талаптарын айқындау;

407) электрондық шот-фактуралар электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулі арқылы жазып берілетін тауарлардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

408) кеден саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша іргелес жатқан шет мемлекеттің аумағынан әкелінетін шетелдік тауарларға қатысты, көрсетілген тауарлардан халықаралық пошта жөнелтілімдерінің партияларын қалыптастыруға, қалыптастырылған халықаралық пошта жөнелтілімдерін "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 172-бабының 7-1-тармағына сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкету кезінде Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген құжаттарды ресімдеуге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін айқындау;

409) камералдық кедендік тексеруді жүргізудің басталғаны туралы хабарлама қағидалары мен нысанын әзірлеу және бекіту;

410) камералдық кедендік тексеру жүргізу барысында тексерілетін тұлғаға жіберілетін "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 426-бабында көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну бойынша талап нысанын әзірлеу және бекіту;

411) тауарларды таңбалау және олардың қадағалану тәртібін айқындау;

412) нысанды киім үлгілерін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, оны киіп жүру қағидаларын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киіп жүру құқығы бар жұмыскерлердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

413) мемлекеттік кірістер органдарының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

414) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін келісу;

415) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындау;

416) уәкілетті органға жүктелген міндеттерді шешу үшін "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 54-тарауында көзделмеген сараптамалар жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

417) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 147-бабында көзделген тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты кедендік операцияларды жасау ерекшеліктерін белгілеу;

418) тексеру нәтижелері туралы хабарламадан үзінді көшірменің және кедендік тексеру актісінің нысанын әзірлеу және бекіту;

419) камералдық кедендік тексеруді жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

420) камералдық кедендік тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін тұлғаға хабарлау нысанын әзірлеу және бекіту;

421) мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын келісу;

422) камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісінің нысанын әзірлеу және бекіту;

423) тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе тапсыру, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсынуы, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

424) кешенді көшпелі кедендік тексерулерді тағайындау үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, тексерілетін тұлғаларды таңдау тәртібін айқындау;

425) кешенді көшпелі кедендік тексерулердің жартыжылдық графиктерінің нысанын әзірлеу және бекіту;

426) өзінің интернет-ресурсында кешенді көшпелі кедендік тексерулердің жартыжылдық графиктерін орналастыру;

427) кешенді көшпелі кедендік тексеру жүргізу туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

428) тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе тапсыру, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсынуы және осындай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

429) көлік құралдарын электрондық кедендік алып жүруді қолдану тәртібін, сондай-ақ электрондық кедендік алып жүру кезінде кеден органының, декларанттың, халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау ақпараттық жүйесі ұлттық операторының және тасымалдаушының өзара іс-қимылын айқындау;

430) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 511 қаулысымен.

431) құпия ақпарат болып табылмайтын тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын айқындау;

432) тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын тәуекелдердің құндық индикаторларын қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

433) тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

434) өтініш тіркелген күнге соңғы үш жылда салық жүктемесі коэффициентінің шекті мәнін белгілеу;

435) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау қорытындылары туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

436) Апелляциялық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту;

437) тауарларды қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

438) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтінішті қоспағанда, заңды тұлғаларды кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар тізіліміне енгізу туралы өтініштер нысанын әзірлеу және бекіту;

439) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес прокуратура органының тиісті талабы немесе сұрау салуы, басталған сотқа дейінгі

тергеп-тексеру шеңберінде шығарылған қаулы, сондай-ақ соттың ұйғарымы бойынша тексеруге қатысу және қорытынды беру үшін бөлінген қаражат шегінде аудиторлық ұйымдардың (аудиторлардың) тізбесін және олардың қызметтеріне ақы төлеуді айқындау;

439-1) активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мемлекеттік аудиторларды "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тексеруге қатысу үшін жіберу;

440) жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуды жүргізуі кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау мен қарау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдану;

441) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

442) келісу комиссиясының үлгі ережесін және жұмыс тәртібін бекіту;

442-1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін, тәртібі мен көлемдерін әзірлеу және бекіту;

442-2) үлгілік конкурстық құжаттамаларға, аукциондық құжаттамаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

442-3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығын айқындау;

442-4) мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізу;

442-5) электрондық әмиян пайдаланылып жүзеге асырылатын операциялар бойынша ақшаны орналастыру тәртібін айқындау;

442-6) тиісті саланың уәкілетті органдары әзірлейтін және бекітетін үлгілік конкурстық құжаттамаларды, аукциондық құжаттамаларды келісу;

442-7) ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын келісу;

442-8) бірыңғай оператор айқындайтын электрондық сауда алаңдарына қойылатын талаптарды келісу;

442-9) бірыңғай оператор айқындайтын веб-порталға қойылатын талаптарды келісу;

443) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

444) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

445) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

446) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

447) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

448) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

449) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 792 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

450) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша Қазақстан Республикасы акционер (қатысушы) болып табылатын акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін және республикалық меншіктегі стратегиялық объектілерді қоспағанда, республикалық мемлекеттік мүлікті акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына беру туралы шешім қабылдау;

451) мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын келісу;

452) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша валюталық түсімді айырбастау туралы салық органдарына қорытынды беру қағидалары мен нысандарын бекіту;

453) салық кезеңінде шикізат экспортынан түскен валюталық түсімнің кемінде 50 пайызын айырбастауды жүзеге асырған кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін әзірлеу;

454) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;

455) жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

456) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы деректер жасау;

457) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісім беру;

458) республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есептер жасау;

459) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп жасау;

460) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау;

461) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау;

462) мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау;

463) Қазақстан Республикасының резиденттері – жеке тұлғалары үшін арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді қоспағанда, капиталдың ішкі нарығындағы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер түріндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару;

464) азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда кейіннен биоотынға қайта өңдеу үшін пайдаланылатын тамақ шикізатына квоталар белгілеу;

465) бюджет заңнамасында көзделген қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және шоттарды ашу, жүргізу және жабу;

466) мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу;

467) бюджеттік есепке алуды жүргізу;

468) түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызу;

469) бюджетке түсетін түсімдердің толық және уақтылы есепке алынуын қамтамасыз ету;

470) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін түсімдерді есепке алу және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарына аудару;

471) кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке жатқыза отырып, бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арасында түсімдер сомасын бөлу;

472) Еуразиялық экономикалық одақтың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің шоттарына ақша қаражатын аудару;

473) кедендік баждардың сомалары бойынша ақпаратты дайындау және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Еуразиялық экономикалық комиссияға жіберу;

474) шетел валютасындағы операцияларды жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу;

475) мемлекеттік қарыздарды (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарынан басқа), мемлекеттік кепілдіктерді, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктерді, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерліктерін, мемлекет кепілгерлігімен берілген қарыздарды, қарыздарды

хеджирлеу бойынша мәмілелерді, бюджеттік кредиттерді тіркеуді және есепке алуды жүзеге асыру;

476) Қазақстан Республикасы Үкіметінің борыштық міндеттемелері бойынша төлемдерді жүргізу және есепке алу рәсімдерін жүзеге асыру;

477) бюджеттік кредит беру нәтижесінде туындайтын үкіметтік талаптар бойынша, оның ішінде мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері жөніндегі міндеттемелерді орындауына байланысты талаптар бойынша борыштық міндеттемелерді есепке алуды қамтамасыз ету;

478) үкіметтік сыртқы қарыздар шоттарынан, сыртқы қарыздардың арнайы шоттарынан, байланысты гранттар мен бірлесіп қаржыландыру қаражатынан қаражат алу жөніндегі қаржылық рәсімдерді жүзеге асыру;

479) мемлекеттік кірістер органдарының және уәкілетті органдардың түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтару және (немесе) оларды бюджетке берешекті өтеу есебінен есепке жатқызу жөніндегі төлем құжаттарын орындау;

479-1) түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды жүзеге асыру үшін қорытындының нысанын бекіту;

479-2) түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтару және (немесе) есепке жатқызу тәртібін бекіту;

480) инкассолық өкімдерді орындауға қызмет көрсету;

481) бюджет ақшасын басқару;

482) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің уақытша бос бюджет ақшасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджетке депозиттері бойынша сыйақылар (мүдде) көлемін болжау;

483) мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндеттемелері бойынша аударым операцияларын жүзеге асыру және есепке алу;

484) мемлекеттік мекемелер ұсынатын міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, төлем

тапсырмаларының, төлеуге берілетін шоттардың, азаматтық-құқықтық мәмілелердің бюджет заңнамасына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

485) квазимемлекеттік сектор субъектілері ұсынатын төлем тапсырмаларын тексеруді жүзеге асыру;

486) мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларын қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

487) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны мемлекеттік мекемелердің ақылы көрсетілетін қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына дұрыс есепке жатқызуды бақылауды жүзеге асыру;

488) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша шығыстары бойынша операциялардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

489) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың тоқсандық, жартыжылдық, жылдық бюджеттік және жартыжылдық, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қабылдауды және тексеруді жүзеге асыру;

490) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің және қабылдануы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген бюджеттің атқарылу тәртібін айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған кезде мемлекеттік мекемелердің жүзеге асыратын төлемдерін тоқтата тұру;

491) өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімі негізінде төлем құжаттарын қалыптастыру;

492) Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қордан өтемақы төлеуді жүзеге асыру;

493) қазынашылық қолдап отыру шеңберінде мемлекеттік сатып алу шоттарынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асыру;

494) Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеуді жетілдіруге және іске асыруға қатысу;

495) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігін, экономикалық және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

496) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың тізіліміне, сондай-ақ уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдау;

497) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету;

498) зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге енгізу туралы шешім қабылдау;

499) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша валюталық түсімді айырбастау туралы салық органдарына қорытынды беру қағидалары мен нысандарын әзірлеу және бекіту;

500) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру;

501) салық және кеден заңнамасында көзделген өтініштер мен өзге де құжаттардың нысандарын әзірлеу;

502) одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз тауарларды жою нәтижесінде түзілген қалдықтарды тану тәртібін айқындау;

503) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, осындай тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды осындай қоймалар арасында өткізу жағдайлары, сондай-ақ осындай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктерін әзірлеу және бекіту;

504) еркін қойма аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіру тәртібін айқындауды қоса алғанда, өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

505) төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың орналасқан жері және электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтер нысанын әзірлеу және бекіту;

506) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

507) мемлекеттік кірістер органдары қызметінің аймақтарын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

508) кедендік статистиканы жүргізу;

509) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

510) көлік құралдарын, оның ішінде тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында тоқтату;

511) тасымалдаушыдан немесе Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлғадан өткізілетін тауарларға қатысты қажетті ақпаратты, сондай-ақ құжаттар мен мәліметтерді сұрату және алу;

512) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттау, бейне- және аудиожазу, киноға және фотоға түсіру;

513) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

514) ақпаратты, оның ішінде алдын ала ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, егер мұндай ақпарат көрсетілген органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындау және функцияларды жүзеге асыру үшін қажет болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық және заңдармен қорғалатын өзге де құпияны (құпияларды), сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты қорғау жөніндегі заңнамасының талаптарын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтай отырып ұсыну;

515) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпарат беруді Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының нормативтік құқықтық актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырады;

516) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар туралы уақтылы тұрақты негізде хабардар етуді қамтамасыз ету;

517) Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінетін тауарларды әкетуге жол бермеуге бақылауды жүзеге асыру;

518) ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректер беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын құру;

519) кедендік декларациялауды, кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік операцияларды жүргізуді оңайлатуға ықпал ететін жағдайлар жасау;

520) кедендік рәсімге сәйкес тауарларды пайдалану шарттарының сақталуын кедендік бақылауды жүзеге асыру;

521) мемлекеттік кірістер органының және (немесе) мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау;

522) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кеден ісі саласында құқық бұзушылық, қылмыс жасаған немесе құқық бұзушылық, қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамдарды ұстау және Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының немесе өзге де органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

523) мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін әзірлеу;

524) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын күзетуді және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы мен өзге де заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

525) тауарлардың кедендік құнын бақылауды жүзеге асыру;

526) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдер қабылдау;

527) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды сыныптаудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру;

528) тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдер қабылдау және түсіндірмелер беру, тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдердің жариялануын қамтамасыз ету;

529) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелу болжанып отырған жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды сыныптау туралы шешім қабылдау;

530) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған, олардың негізінде кедендік төлемдер мен салықтардан босату берілетін құжаттарды қарау;

531) кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың төленуін бақылауды жүзеге асыру;

532) автомобиль, теңізде өткізу пункттерінде және тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарында көліктік бақылау жүргізу;

533) тауарлар мен көлік құралдарының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілуін кедендік бақылауды жүзеге асыру;

534) кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды, оның ішінде өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде жүргізу;

535) кедендік төлемдер мен салықтарды, сондай-ақ арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарын өндіріп алу, оларды есептеудің дұрыстығын және уақтылы төлеуді, есепке жатқызуды (қайтаруды) бақылау және оларды мәжбүрлеп өндіріп алу жөнінде шаралар қолдану;

536) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларының, тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

537) тұлғалардың тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуі кезінде осындай тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдету үшін жағдайлар жасау;

538) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;

539) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай сауда саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

540) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайту қолданылатын зияткерлік меншік объектілерінен түсетін табысты айқындау және ақпараттандыру саласында қызметтер көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

541) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша интернет-алаң арқылы тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын және электрондық нысанда қызметтер көрсететін шетелдік компаниялардың пайдасына және бөлінісінде жүзеге асырылған, күнтізбелік жыл үшін төлемдер мен аударымдардың жиынтық сомалары туралы ақпарат пен мәліметтерді төлем ұйымдарының ұсыну қағидаларын, нысанын және мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

542) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операцияларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларға жатқызу өлшемшарттарын, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларға жатқызылған жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операциялар бойынша мәліметтерді ұсыну қағидаларын, нысаны мен мерзімін әзірлеу және бекіту;

543) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларды жатқызу өлшемшарттары бойынша мәліметтерді ұсыну қағидаларын, нысандары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

544) тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдау;

545) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және кеден ісі саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу;

546) кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

547) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден органдарымен және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;

548) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асыру;

549) кеден органдарының кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу;

550) тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру;

551) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғау;

552) ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

553) кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасалғаны туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асыру;

554) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

555) тәуекелдерді бағалау және басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

556) мүдделі тұлғаларға Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын қолдану мәселелері және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша өтеусіз негізде консультация беру;

557) кеден ісі саласында келіп түсетін сұрау салулар мен ұсыныстарды ескере отырып, жолданымдарды уақтылы, объективті және жан-жақты қарауды және жауап беруді немесе тиісті іс-әрекеттер жасауды қамтамасыз ету;

558) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

559) өз құзыреті шегінде салық міндеттемесінің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндіруді жүзеге асыру және түсініктемелер беру;

560) салықтық бақылауды жүзеге асыру;

561) тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану;

562) есепке алуды жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналым, шығындар, шығыстар) негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау;

563) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жоспардан тыс тексерулерді жүзеге асыру;

564) салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорын қалыптастыру;

565) бақылау-касса машиналарының модельдерін мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) енгізу (алып тастау) арқылы бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

566) салықтық әкімшілендірудің бизнес-процестерін жаңғыртуды және реинжинирингті жүзеге асыру;

567) салық берешегін, кедендік төлемдер мен салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақылық баждар бойынша берешекті, өсімпұлдарды, пайыздарды, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

568) кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын өндіріп алудың толықтығын және бюджетке аударудың уақтылығын қамтамасыз ету;

569) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгеруін бақылауды жүзеге асыру;

570) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық Кодексі) және тиісті халықаралық шартта белгіленген тәртіппен халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

571) салықтық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау;

572) мәмілеге қатысушының трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім жасасуға өтінішін қарау;

573) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы соттарға талап қоюды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттерге және міндеттерге сәйкес өзге де талап қоюды беру;

574) нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыреті шегінде бірыңғай бюджет сыныптамасының бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмалары негізінде жүзеге асыру;

574-1) республикалық бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді алуға, сондай-ақ салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің, қарыздардың бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен,

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту;

575) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсету;

576) салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) салық төлеушінің және салық агентінің шағымдарын қарау;

577) салық заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

578) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан мемлекеттің акционер (қатысушы, салымшы, мүше) ретінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының актілерінде айқындалған тәртіппен "Астана" халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғаларды басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру;

579) этил спирті мен алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын өндіру және олардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

580) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және олардың айналымы, темекі бұйымдарын өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау;

581) алкоголь өнімі мен темекі бұйымдарын өткізу кезінде ең төменгі бағалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

582) Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасына сәйкес алкоголь өнімін қандай да бір түрге жатқызу;

583) темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымы көлемдерінің теңгерімдерін бақылауды, есепке алуды және талдауды жүргізу;

584) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын, сондай-ақ сапасын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;

585) мұнай өнімдері мен биоотын айналымы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

586) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган ұсынған қайта өңдеу өнімдерінің тізбесін келісу;

587) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға салыстырып тексеру үшін мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дерекқордан мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы көлемдері туралы ақпарат беру;

588) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дерекқорды жүргізуді жүзеге асыру;

589) мұнай өнімдерінің айналымын камералдық бақылауды жүзеге асыру;

590) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

591) арақтарға және айрықша арақтарға, тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына, коньяк пен брендиге ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу;

591-1) арақтарға және айрықша арақтарға, тауар шығарылған жердің қорғалған атауы бар арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына, коньяк пен брендиге ең төмен бөлшек сауда бағаларын әзірлеу және бекіту;

592) биоотын айналымын камералдық бақылауды жүзеге асыру;

593) этил спирті, алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары өндірісіне және олардың айналымына, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның жекелеген түрлерінің айналымына бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

594) өз құзыреті шегінде және трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша ақпарат пен түсіндірмелер беру;

595) "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексерулер жүргізу;

596) акцизделетіндерін қоспағанда, ізгілік көмек ретінде тауарларды әкелу қағидаларын әзірлеу;

597) электрондық шот-фактуралар электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулі арқылы жазып берілетін тауарлар тізбесін интернет-ресурста орналастыру;

598) қосылған құн салығының асып кету сомасының және тәуекел дәрежесі өлшемшарттарының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу;

599) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш нысанын әзірлеу және бекіту;

600) салық агенті болып табылатын бейрезидент туралы мәліметтерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы мүлікті және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға байланысты акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде мәмілеге қатысушылар мен параметрлері туралы мәліметтер нысанын әзірлеу және бекіту;

601) мыналардың:

бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстардың;

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, мемлекет пен квазимемлекеттік

сектор субъектілерінің активтерін Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар бойынша, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректері мониторингінің нәтижелері бойынша пайдаланудың;

мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру, бюджеттік кредиттер беру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің орындалуын қаржыландыру мақсаттары үшін объектілерді беру шарттары мен рәсімдерін сақтау, сондай-ақ оларды пайдаланудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда мемлекеттік қарыздарды беру, пайдалану шарттары мен рәсімдерін сақтаудың;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық қызмет туралы заңнамасын тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде сақтаудың сәйкестік аудитін жүзеге асыру;

602) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Республикасының Заңында және камералдық бақылауды жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен камералдық бақылауды жүзеге асыру;

603) мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік аудиторлыққа кандидаттардың білімін растау жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

604) ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік аудиторларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

605) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудит жүргізу;

606) аудиторлық қорытындыдағы деректердің және міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқамалардың мониторингін жүйелі негізде жүзеге асыру;

607) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға сәйкес жоспардан тыс аудитті жүзеге асыру;

608) мемлекеттік сатып алу туралы және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

609) заңнамада белгіленген тәртіппен құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау;

609-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларды талдау және анықтау;

609-2) петицияларды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен қарау;

610) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу қорытындысының күшін жою не күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылдау;

611) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама шығару;

612) мемлекеттік аудит объектілеріне "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен қажетті материалдарды ұсыну туралы талап жолдау;

613) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, тиісті аудиторлық дәлелдері бар материалдарды құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру;

614) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорға орналастыру, сондай-ақ олар бекітілгенге дейін тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбелері туралы ақпарат алмасуды келісілген мерзімдерде жүзеге асыру;

615) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесіне кіретін ішкі аудит қызметтерінің жұмысын үйлестіру мақсатында:

ішкі аудит қызметтеріне әдіснамалық және консультациялық көмек беруді қамтамасыз ету;

жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша ішкі аудит қызметтерінің есептік ақпаратына талдау жүргізу;

ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізу;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу үшін тәуекелдерді басқару жүйесі ұсынған тәуекел объектілері бойынша ішкі аудит қызметтеріне ақпарат жіберу;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік органдардың басшыларына ішкі аудит қызметтері басшыларының, мемлекеттік аудиторларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстар енгізу;

616) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі, оның ішінде басқа мемлекеттік органдармен немесе ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдардың жұмысын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен келісу бойынша құқықтық актілерді қабылдау;

617) мемлекеттік аудиттің және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органының камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалардың нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттарға шағым жасау кезінде туындайтын дауларды қарау;

618) сотқа:

бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында;

міндеттемелері тиісінше түрде орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы сотқа талап қоюды беру;

619) құзыреті шегінде аудиторлық қызмет пен аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың және аудиторлық ұйымдардың қызметі саласында, бағалау қызметі саласында бағалаушылар палаталарының "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды, бағалаушылар палатасының жарғысын және ол қабылдаған қағидалар мен стандарттарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

620) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

621) аудиторлық ұйымдардың "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының олардың аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу міндеттілігіне қатысты бөлігіндегі талаптарды орындауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және осы талапты бұзған аудиторлық ұйымдарға шаралар қолдану;

622) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оның қолданысын тоқтата тұру, одан айыру және тоқтату туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялау;

623) "аудитор" біліктілік куәлігінен айыру туралы шешімді кәсіби ұйымдарға жіберу және бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялау;

624) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілікке және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік мекемелерге жыл сайынғы аудит жүргізуге қатысу үшін орталық мемлекеттік органның бірінші басшысымен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімімен келісу бойынша ішкі аудит қызметін тарту;

625) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында және кәсіби ұйымдар мен сертификаттау жөніндегі ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

626) аудиторлық қызметті лицензиялау;

627) бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және кәсіби аудиторлық ұйымдарды, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу;

628) аккредиттеу қағидаларын сақтамау фактілері болған жағдайда бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарына, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарға ескерту шығару;

629) аудиторлардың, аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың, аудиторлық ұйымдардың тізілімдерін жүргізу;

630) бағалаушылар палаталарының қызметі туралы ақпарат сұрату;

631) біліктілік комиссиясының құрамына өкілдерді жіберу;

632) бағалаушылар палатасын "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп тарату туралы талап қоюды сотқа беру;

633) темекі бұйымдарын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және қадағалау тәртібін айқындау;

634) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын функционалдық талаптарды әзірлеу және келісу;

635) құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануын жүзеге асыру;

636) таңбалануға және қадағалануға жататын тауарлар тізбесіне енгізу туралы ұсыныстарды таңбалауды енгізудің және қадағаланудың орындылығын талдай отырып, тауарлардың жекелеген топтарын таңбалау және қадағалау жөніндегі пилоттық жобаның қорытындылары бойынша тауарларды таңбалау және қадағалау саласындағы үйлестіруші мемлекеттік органмен және "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізу;

637) рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында рұқсат беру тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

638) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлар айналымына қатысушылардың тізілімдерін жүргізу;

639) өз құзыреті шегінде таңбалануға және қадағалануға жататын, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара саудадағы тауарлар айналымының мониторингін жүзеге асыру;

640) тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін есептеу;

641) бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын, кәсіби аудиторлық ұйымдарды, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктен айыру туралы шешім қабылдау;

642) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарының және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдардың тізбесін, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, одан айыру, оның қолданысын тоқтата тұру және тоқтату туралы мәліметтерді жариялауды қамтамасыз ету;

643) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамына қатысу;

643-1) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

643-2) ұлттық қаржылық есептілік стандарттарын және оларға қатысты әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу және бекіту;

643-3) бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарын әзірлеу және бекіту;

643-4) есептіліктің тізбесін, нысандарын және оны кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың ұсыну мерзімділігін әзірлеу және бекіту;

643-5) консультациялық орган туралы ережені әзірлеу және бекіту;

643-6) жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) депозитарийге тапсыруы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысанын әзірлеу және бекіту;

643-7) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, салалық біліктілік шеңберлерінің негізінде кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту;

643-8) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсынымдық сипаттағы қорытындысын ескере отырып, кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен және кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кәсіптік стандарттарды бекіту;

643-9) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту;

644) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

645) бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін және олардың орталық мемлекеттік органдардың даму жоспарының мақсаттарымен өзара байланысын,

жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігін, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұнын бағалау, жергілікті атқарушы органдардың бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалануды бағалау, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептік деректерін қайта тексеру;

646) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімін жүргізу;

646-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұлғалардың қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалары бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

647) әкімшінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың тізімін интернет-ресурста орналастыру;

647-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұлғалар жіберген қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар, осындай хабарламаларды жіберу шарттары туралы мәліметтерді интернет-ресурста орналастыру;

648) мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға салықтар мен кедендік төлемдер бойынша кредитор болып таңдаған тұлғаны уақытша басқарушы етіп тағайындау;

649) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы етіп, сондай-ақ қаржы басқарушысын тағайындау;

650) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес кредиторлар талаптарының тізілімін интернет-ресурста орналастыру;

651) табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп

танылған, олар үшін осындай тәртіп "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

652) оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша, банкроттықты басқарушының банкроттық рәсімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпаратын қарау;

653) жоқ борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгіну;

654) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уақытша және банкроттықты басқарушыға негізгі сыйақы төлеу, сондай-ақ кредиторлар комитетінің шешімі бойынша өзге де әкімшілік шығыстарды өтеу туралы, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы басқарушысына сыйақы төлеу туралы өтінішхат беру;

655) борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

656) әдейі банкроттық белгілерінің болуын көрсететін қолда бар деректер туралы құқық қорғау органдарына хабарлау;

656-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредитордың арызы бойынша борышкердің әдейі банкроттығын анықтау тұрғысынан тексеру жүргізу;

657) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес мән-жайларда жасалған мәмілелерді анықтау бойынша шаралар қабылдау;

658) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

658-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

659) санацияға қатысушыдан растайтын құжаттарды сұратуды жүзеге асыру;

660) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуын келісу;

661) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша, банкроттықты және қаржы басқарушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

662) Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" және " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан борышкерлер туралы ақпарат сұрауды жүзеге асыру және алу;

663) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпарат ұсыну;

663-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы басқарушысына борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпарат ұсыну;

664) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;

665) өз құзыреті шегінде оңалту және банкроттық рәсімдерін енгізу, жүргізу және тоқтату жөнінде түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

666) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

667) "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурста:

кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарламаны;

банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды;

банкроттық рәсімін қозғай отырып, борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы хабарландыруды;

оңалту туралы іс бойынша өндірістік іс қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды;

кредиторлар талаптарының қалыптастырылған тізілімін;

банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды орналастыру;

667-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурста:

оларға қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін;

оларға қатысты соттардың тиісті ұйғарымдары мен шешімдері заңды күшіне енген азаматтардың тізімін;

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқалы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша өндірістік іс қозғау және кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде орналастыру;

667-2) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес " электрондық үкімет" веб-порталында:

оларға қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін;

оларға қатысты соттардың тиісті ұйғарымдары мен шешімдері заңды күшіне енген азаматтардың тізімін;

соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы хабарландыруды;

соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыруды орналастыру;

668) кредиторлар жиналысына әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен оңалтуды не банкроттықты басқарушыны алып тастау туралы ақпарат жіберу;

668-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес борышкерге және кредиторға рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен қаржы басқарушысының алып тасталғаны және осындай тізілімнен хабарлама алып тасталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңа қаржы басқарушысының тағайындалғаны туралы ақпарат жіберу;

669) оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды шеттету;

669-1) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу;

669-2) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату туралы сотқа өтінішхат жіберу;

669-3) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімі кезінде, сондай-ақ борышкер банкрот деп танылғаннан кейін үш жыл ішінде борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу;

669-4) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

банкроттың мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті, оның ішінде ортақ бірлескен мүлікті сатып алу фактісі анықталған жағдайда кредиторларға банкроттың қаржылық жағдайына мониторингтің нәтижелерін жіберу;

669-6) өндірілетін және импортталатын этил спирті мен алкоголь өніміне (сыра қайнату өнімінен басқа) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

670) меншікке мемлекеттік мониторинг жүргізудің жоспары мен бағдарламасын бекіту;

671) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру;

672) республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруды тиісті саланың уәкілетті органына келісу;

673) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу және мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға ақпарат беру;

673-1) республикалық меншікке айналдырылған (түскен), тәркіленген мүлікті, сондай-ақ "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет кірісіне айналдырылған мүлікті (активтерді) есепке алу және одан әрі пайдалану бойынша дерекқорды жүргізу;

673-2) "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқарушы компанияның мүлікті (активтерді) басқару тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

673-3) басқарушы компанияға берілген активтерді басқару тәртібін айқындау;

673-4) басқарушы компанияның активтерді тиісінше басқармау фактілерін немесе активтерді заңсыз иеліктен шығару немесе оған өзге де билік ету әрекеттері туралы активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға, тиісті құқық қорғау органдарына осы фактілерді тексеруі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қабылдауы үшін хабарлау және тиісті активтерді басқарушыны немесе басқарушы компанияның лауазымды адамдарын шеттету жөніндегі іс-шараларды кейінге қалдырмай жүзеге асыру;

674) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылауды үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыру және республикалық мүлікке қатысты артық, пайдаланылмайтын не мақсаты бойынша пайдаланылмайтын мүлікті алып қою;

675) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен республикалық меншікке берілетін мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша сыйға тарту шартын жасасу туралы шешім қабылдау;

676) сыйға тарту шарты бойынша мемлекет құқықтар алған мүлікті есепке алуды ол туралы мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізу арқылы жүргізу;

677) "Байқоңыр" кешені объектілерінің сақталуын және пайдалану жағдайларын бақылауды жүзеге асыру;

678) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабында белгіленген мәселелер тізбесі бойынша мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылар) акционерлерінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың) жалпы жиналыстарында қабылдау үшін ұсынылатын шешімдер жобаларын келісу;

679) өз құзыреті шегінде республикалық меншікке жататын концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері бойынша концессия шарттарына мониторингті жүзеге асыру және мониторинг нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберу;

680) концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде жасалған объектілерді республикалық меншікке қабылдау;

681) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайда концессиялық жобаларды келісу;

682) республикалық мемлекеттік меншікке жататын концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері бойынша жасалған концессия шарттарының тізілімін жүргізу;

683) өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және уәкілетті органмен келісу;

684) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарларға өзін-өзі реттеу туралы заңнамаға сәйкес бағалау қызметі саласындағы реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру;

685) Қазақстан Республикасының атынан республикалық заңды тұлғаларға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын жүзеге асыру, оның ішінде республикалық заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру және тарату кезінде беру актілерін, сондай-ақ бөлу, аралық тарату және тарату баланстарын бекіту;

686) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

687) республикалық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен баланстан шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақтауды қамтамасыз ету мерзімін белгілеу;

688) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша республикалық заңды тұлғаға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асыру;

689) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, республикалық заңды тұлғалардың артық, пайдаланылмайтын не нысананы пайдаланылмайтын мүлкін бақылау жүзеге асырылған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асыру;

690) кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған, таратылған республикалық заңды тұлғаның мүлкін қайта бөлу;

691) шаруашылық жүргізу құқығында қызметін жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынға "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 145-бабында көзделген мәселелерді келісу;

692) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруды немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуді келісу;

693) республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

694) республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді республикалық бюджетке өндіріп алу;

695) республикалық заңды тұлғаларға бекітіп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізу;

696) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның және тиісті орталық атқарушы органдардың осы материалдық құндылықтарды объект жекешелендірілгенге дейін одан әрі орналастыру туралы шешім қабылдауы үшін оларды сату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оларға хабарлау;

697) алушы мемлекеттік органдармен және Мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша номенклатура басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде өзгертілген кезде жаңартылуға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын және броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды беру бойынша шешім қабылдау;

698) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату туралы мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның шешімін келісу;

699) егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, сатып алушының талабы бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектің, жекешелендірілетін кәсіпорын жасасқан шарттардың сомасы туралы ақпаратты дайындауды және ұсынуды жүзеге асыру;

700) республикалық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие

табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдау, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдал тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды жүзеге асыру және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылау;

701) сатып алу-сату шартын орындауға байланысты, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан бақылауды жүзеге асыру кезінде сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды жұмысқа тарту;

702) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болу;

703) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыру;

704) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан мемлекеттің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқығын жүзеге асыру;

705) республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органына беру;

706) Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларға дивидендтердің уақтылы және толық есептелуін және олардың төленуін, сондай-ақ жарғылық капиталындағы қатысу үлесі Қазақстан Республикасына тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушылары арасында таза табыстың бөлінуін бақылауды жүзеге асыру;

707) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық мүлікті, оның ішінде акцияларды, жарғылық капиталға қатысу үлестерін енгізу арқылы акционерлік қоғамдардың орналастырылатын акцияларына ақы төлеуді және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына салымды енгізуді жүзеге асыру;

708) өңірлердің және тұтастай алғанда республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайсыз әсер ететін факторларды анықтау мақсатында меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша ақпаратты талдауды жүзеге асыру;

709) республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекет мүдделерін білдіру, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру;

710) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру;

711) меншіктің мемлекеттік мониторингінің бірыңғай республикалық дерекқорын жүргізу;

712) анық және объективті талдау үшін қажетті меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша сұрау салуды және ақпарат алуды жүзеге асыру;

713) меншіктің мемлекеттік мониторингі жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік бюджет қаржысын бөлу көлемін негіздеу;

714) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі нысанасына жататын ақпаратты жинауға және талдауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін тарту;

715) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен сұратуды жүзеге асыру және алу;

716) мониторинг жүргізу тапсырылған адамдарды және танысу үшін берілуге тиіс ақпарат тізбесін көрсете отырып, мониторинг объектісінің басшыларын зерттеу жүргізілетіні туралы хабардар ету;

717) меншігінде немесе басқаруында осы объектілер бар тұлғалардың мониторинг объектілерін зерттеу нәтижелерімен танысу;

718) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында болып жатқан өзгерістерді талдау және өндіргіш күштердің дамуын болжау мақсатында негізгі өндірістік-техникалық, технологиялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де өлшемдер бойынша мониторинг объектілерін қадағалау;

719) меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыра отырып, мониторинг объектілеріне жүйелі тексеру жүргізуді ұйымдастыру;

720) республикалық мүліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру;

721) жалғыз акционері (қатысушысы) Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тиісті директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына өз өкілін тағайындау, ал Қазақстан Республикасы қатысатын өзге де акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде – директорлар кеңестеріне немесе байқау кеңестеріне кандидатураны акционерлердің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының бекітуіне ұсыну;

722) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-тарауында белгіленген жағдайларда және шарттарда мемлекет меншігіне алынатын мүлік үшін өтем төлеуді жүзеге асыру;

723) мемлекеттік мүлік тізілімінде мемлекеттік мүліктің бірыңғай есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді және ұйымдастыруды жүзеге асыру;

724) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларын және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін әзірлеуге қатысу;

725) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді және ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және ұсыну тәртібін әзірлеуге қатысу;

726) республикалық мүлікті пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

727) мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсынымдары бойынша өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын стратегиялық маңызы бар экономика салалары объектілерінің тізбесін өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде үш жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

728) республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

729) мемлекеттік материалдық резервті және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жедел басқаруындағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мүлікпен қамтамасыз ету;

730) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға беру;

731) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мүлкін басқару және ұстау үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды қаржыландыруды жүзеге асыру;

731-1) Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастыру;

731-2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы бекітуге ұсыну ;

732) қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін, оның ішінде мәміленің бағасын және дифференциалды растайтын құжаттарды, нарықтық бағаны айқындау әдістерінің бірін қолдану туралы ақпаратты және қолданылатын бағаның негізділігін растайтын басқа да ақпаратты қарау;

733) уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;

734) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырманы қарау;

тапсырыс беруші ұсынған, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын тапсырма негізінде конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасын әзірлеу және бекіту;

конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның) құрамын айқындау және бекіту;

конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;

тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) және (немесе) конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) техникалық ерекшелігін алған тұлғалар тарапынан сұрау салулар мен ескертулерді жіберу;

конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын айқындау;

735) мемлекеттік сатып алу саласында республикалық тізілімдерді қалыптастыруды жүзеге асыру және жүргізу;

736) Министрліктің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

737) ведомстволар басшыларының олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Министрлік актілерінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғамайтын, оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық бұйрықтарды бекіту;

738) құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

739) ведомстволардың өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылау функцияларын жүзеге асыру;

740) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімдер қабылдау;

741) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауы мен қарауы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдану;

742) өтініш тіркелген күнге соңғы үш жылдағы салық жүктемесі коэффициентінің шекті мәнінің есебі;

743) құпия ақпарат болып табылатын тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

744) ұлттық бақылану жүйесіне енгізілетін мәліметтерді жинауды, есепке алуды, сақтауды және өңдеуді және (немесе) бақылану тетігін іске асыруды қамтамасыз ету;

745) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік кепілдіктер беруді жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын айқындау және оны беруді жүзеге асыру;

746) экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдікті беру бойынша есепке алуды тіркеу тәртібін айқындау;

747) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша экспортты қолдау жөніндегі мемлекет кепілдік берген міндеттеменің мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

748) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің қаржылық жағдайын мониторингтеуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;

749) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия шарттарын тіркеу, сондай-ақ оларды тіркеу тәртібін айқындау;

750) ауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актісінің нысанын бекіту;

751) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 296-бабы 7-тармағының 2) және 3) тармақшаларында

көзделген жағдайларда еркін қойманың кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау тәртібін айқындау;

752) аванстық төлемдердің, оның ішінде кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ өзге де ақшаны төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомаларды есепке жатқызу (қайтару) тәртібін айқындау;

753) кеден органдарының тәуекелдерді басқару процесін іске асыру тәртібін айқындау;

754) тауарларға арналған декларацияны, транзиттік декларацияны және көлік құралы декларациясын тіркеуді ресімдеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібін айқындау;

755) қызмет аймағында тауарлар бар кеден органынан басқа кеден органында тауарларды кедендік декларациялауға және шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін айқындау;

756) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдер қабылдануы мүмкін жағдайларды айқындау;

757) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімді беру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін, сондай-ақ осындай алдын ала шешімді қолдану тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

758) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 41-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне сәйкес ерекшеліктерді ескере отырып, кедендік декларациялауды жүзеге асыру мақсатында оларға қатысты кеден органдары тауарларды сыныптау туралы шешімдер қабылдайтын тауарлардың тізбесін бекіту;

758-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

758-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

758-3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат беру;

758-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

758-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

758-6) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

758-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

758-8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

758-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

758-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

